

«Бекітемін»

№13 «Гүлдер» бөксейі

балабақшасының меңгерушісі

Г.Н.Баймағамбетова



Өндірістік жиналыс

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 1. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары, тынысалу жаттығуы) . 2. Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстыру. 3. Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталу қорытындысы.	Қыркүйек 01.09.2023 ж	Меңгеруші Г.Баймағамбетова Тәрбиешілер С.Мусирепова
2	№2 1. Топтардың санитарлық жағдайы, жедел тексеру қорытындысы. Медбике З. Барболова 2. / Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайы. Медбике З. Барболова 3. Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелері. Шаруашылық меңгерушісі Р. Рүстемова	Желтоқсан 13.12.2023 ж	Меңгеруші Г.Баймағамбетова С.Мусирепова Тәрбиеші А.Карабаева
3	№3 1. Еңбекті қорғау мәселесі. 2. Балабақша мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс. 3. «Наурыз» мерекесіне дайындық. Баяндама «Бала біздің болашағымыз» 4.	Наурыз 15.03.2024 ж.	Меңгеруші Г.Баймағамбетова Тәрбиеші Ж.Әмірова С.Мусирепова К.Исмайлова

22.05.2024ж.

Г.Н.Баймагамбетов
а

1. Қызметкерлердің жазғы сауықтыру мерзімінің жұмыс жоспарымен таныстыру.

2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережелерін сақтау. Күн тәртібінде орындалуы жөнінде есеп беру.

3. Балабақша қызметкерлерінің өз жұмыс орнында лауазымдық ережелерін бұзбауы.

4. Жыл бойы жасалған жұмыстарына шаруашылық меңгерушісі есеп беруі.

Меңгеруші

Г.Баймагамбетова

әдіскер

С.Мусирепова

№13 «Гүлдер» бөбекжай бақшасы

Өндірістік кеңес Хаттама №1

01.09.2023 ж

Қатысқандар:17

Күн тәртібінде:

- 1.Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары,тынысалу жаттығуы) .
2. Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстыру.
3. Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталу қорытындысы.

Күн тәртібіндегі бірініші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Г.Баймагамбетова салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесін (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары,тыныс алу жаттығуы)туралы сұрап өтті. Медбике: 3. Барболова сөз сөйледі. «Саужан – сау денеде ғана болады» — деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. Күн режимін қалай ұйымдастыру керек? Ертеңгілік баланы балабақшаға әкелу уақытының да маңызы бар, ата-ана баланы ертемен оятып, жақсы көңіл күймен келген бала мен ұйқысын қандырмай, кешіктіріп, өзінің де баланың да көңіл күйі жоқ жағдайда келген баланың арасында айырмашылық болады. Ертеңгілік жаттығулардың пайдасы бәрімізге де белгілі,ертеңгі қимыл қозғалыстың үйлесімділігін баланың физикалық дамуына әсер ететін көптеген табиғи факторлар бар. Солардың бірі-серуен. Ауада серуендеу баланың денсаулығы үшін өтемаңызды. Бала таза ауада көп болса оның ағзасы оттегіні жайжүргендегіге қарағанда көп сіңіреді. Ширақ қозғалыста болады, адымдай жүреді,аласа бұтақтан секіреді, сөйлегенде, жүтіргенде қол мен аяқтың қимылын қатар алып икемделеді. Ол үшін қимылды ойындар жақсы. Бала үшін серуенді қызықты ұйымдастыру керек. Жай ғана денсаулықты күшейтіпк оймайды, айналадағы құбылыстарды бақылап, көзқарасы қалыптасады. Ойынды таңдай отырып, жыл мезгілін, ауа райын да ескеруіміз керек . 2.Екінші мәселе бойынша әдіскер С.Н. Мусирепова сөз алды, ол өз сөзінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша

нұсқаулықтармен таныстырды. – Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақша тәрбиешілері орындау үшін міндетті болып саналады. Күн тәртібі сәттерінде бақылау жасауы тиіс. Ұйымдастырылған оқу қызметтері барысында қауіпсіздік техникасын сақтау, қауіпті материалдарды қолданбау, сонымен қатар балабақша аумағында, тыс жерлерде баланы көзден таса қылмау керектігін жеткізді. Меңгеруші Г.Баймагамбетова сөз алып, ол өз сөзінде баланың балабақшада болған кезіндегі өмір қауіпсіздігіне барлық қызметкерлер жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Сөйлегендер балабақша шаруашылық меңгерушісі Р. Рүстемовасөз сөйледі. Өрт қауіпсіздігі жайлы төтенше жағдайларды болдырмауына байланысты жасак құрылғандығын жеткізді. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, алдын алу іс-шараларының жоспары тізіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Өрт сөндіру үшін бастапқы құралдардың басқа орынға көшіру, технология жолдарының сызбасын бекіту және жабдықтау нөмірленген қосалқы кілттердің қолда болуы. өрт болған жағдайда не істеу керектігі туралы нұсқау берілді.. Балабақша қызметкерлеріне өртке қарсы қауіпсіздік нұсқауларымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Қаулы етеді:

1. Балабақша медбикесі З. Барболова «Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары, тыныс алу жаттығуы) қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау және нұсқаулығымен таныстыру тәрбиешілерге тапсырылсын.
3. Шаруашылық меңгерушісі: Р. Рүстемова Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталу қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрағасы Г.Баймагамбетова

Хатшы С. Мусирепова



№ 13 «Гүлдер»бөбекжай бақшасы

Өндірістік кеңес Хаттама №2

13.12.2023 ж

Қатысқандар:16

Күн тәртібінде:

1. Топтардың санитарлық жағдайы, жедел тексеру қорытындысы. Медбике 3. Барболова
2. / Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайы. Медбике 3. Барболова
3. Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелері. Шаруашылық меңгерушісі Р. Рүстемова

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Баймагамбетова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде топтардағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы жөнінде сөз етті. - Балабақшаға баратын балалардың жеке пайдаланатын заттары болуы тиіс. Мұның үлкен гигиеналық маңызы бар. Өйткені ол балалар арасындағы жұқпалы ауруларды болдырмауға бағытталған профилактикалық шара болып табылады. Әрбір сәбидің шкафы, төсек орны кереуеті, түбегі, сүлгі, салфеткасы, тарағы болуы қажет. Бала өзінің заттарын пайдалануы үшін ол баланың заттарын бірыңғай суреттермен белгілеп қойылады.

Сөйлегендер: Балабақша медбикесі 3. Барболова сөз алды. Балабақшада мәдени-гигиеналық дағдылар дұрыс жолға қойылса, бала қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге, өз бетімен сүлгісін алып, қайта ілуге, таза және ұқыпты тамақтануға, қасық, кесе және оларды орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйренеді. Сонымен қатар топтың тазалығы, топты жиі желдету, санитарлық гигиеналық нормаларды қатаң сақтау сияқты жұмыстар өз уақытында жасалынып отыр. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормаларының орындалуы туралы анықтама берді. Анықтау барысында «Күншуақ, Ақкөгершін» топтары таза жуылған. «Жұлдыз» тобында дәретхананы жинап тазалауға арналған жинау шүберектер таңбасы жоқ екені анықталды. «Айгөлек» тобының жуу және дезинфекциялау құралдару және олардың жұмыс ерітінділері балалардың қолы жетпейтін жерде сақталған. «Қарлығаш және Гүлдер» топтарының санитарлық жағдай «өте жоғары» деңгейде сақталған.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Баймагамбетова сөз алып, ол өз сөзінде, балалардың дұрыс дамып жетілуі үшін оларды туылғанынан бастап дұрыс рационды тамақтандыру, олардың өмірін сақтауға

және денсаулығын жақсартуға бағытталған маңызды әрі тиімді шаралардың бірі болып табылатынын айтып өтті. -Балаларды тамақтандыру-өсіп келе жатқан жас ағзаны толық қамтамасыз ету, иммунитетін жақсарту, жағымсыз әсерлерге төтеп беру қабілетін арттырады-деп сөз кезегін медбике З. Барболоваға берді.-Мектепке дейінгі балалардың тамақтануында сүт маңызды орынды алады. Тәуліктік рациондағы сүттің көлемі 500г құрайды. Оған минералдық заттардың, толыққанды белоктың ауыстырылмайтын аминқышқылдары көзі болып табылатын сүт қықылды өнімдерін қосады. Кондитерлік тағамдар мектеп жасына дейінгі балаларға зефир, қас қайнатпалар, повидло, тәттілер, карамельдер ұсынылады. Күріш, манная, қарақұмық жармалары тағайындалады. 5-7 жастан бастап ас мәзіріне бидай және сұлы қосылады. Тамақтану арасындағы үзіліс 3,5-4 сағат болуы керек. Сонымен қатар ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайына тоқталды. Ас үйі талапқа сай, барлық санитарлық талаптар орындалуда, аспазшылардың формалары, санитарлық тазалықтары өте жоғары. Азық-түліктерді сақтау, жуу секілді, қолдану нормалары сақталуда .-деп, өз сөзін қорытындылады.

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Р. Рүстемова сөз алды, ол өз сөзінде техника қауіпсіздігі туралы қызметкерлерді таныстырды. Педагогтар осы немесе басқа жағдайда іс-әрекеттер туралы нақты нұсқауларға ие. Бұл апат, өрт табиғат апат болуы мүмкін. Мекеме қызметкерлеріне Еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі жоспар құрылып жоспармен толықтырылды. Еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастырудағы маңызды қадам. Қызметкерлерге барлық педагогтармен, тех қызметкерлерге лауазымдық нұсқаулықтарымен таныстырылып қол қойылып көшірмесі 2 данасы таратылды. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында дабыл нүктесі, дауыстық хабарлама, өрт болған жағдайдағы сигнализация сияқты аппараттар талапқа сай орнатылды. Терроризмге қатысты барлық келісім шарттарға қол қойылып, талапқа сай паспорт жасалынды.

Қаулы етеді:

1. Медбике З. Барболова жедел тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Топтардың санитарлық жағдайы қатаң қадағалансын.
3. Анықталған кемшіліктерді уақытылы қалпына келтіруді қадағалау медбике З. Барболоваға тапсырылсын.
4. / Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
5. Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелерінің қорытындысы өз дәрежесінде деп жариялансын

6. Техника қауіпсіздігін қадағалау, тексеру шаруашылық меңгерушісі Р. Рүстемоваға жүктелінсін.

Жиналыстары асы

Хатшы:



Г.Баймагамбетова

С. Мусирепова